



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ БАҒАСЫНА НАРАЗЫ (2022 жылдың тамыз айының нәтижелері бойынша)

2022 жылғы тамызда ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ жүргізген әлеуметтанулық сауалнама нәтижелері бойынша қазақстандықтар үшін ең өзекті мәселе – **тауарлар мен қызметтердің бағасы, респонденттердің 78,3%-ы оларға қанағаттанбайды.** Сондай-ақ, **халықтың қанағаттанбау деңгейі бойынша өмірдің ТОП-5 саласына мыналар жатады: жолдардың сапасы (56,3%), экологиялық жағдай (53,8%), медициналық көмектің сапасы (45,9%) және демалыс және бос уақытты өткізу мүмкіндігі (45,3%).**

Қанағаттанбағандардың ең көп үлесі Маңғыстау облысында (орта есеппен респонденттердің 76,1%), Павлодар (70,6%) және Алматы облыстарында (66,3%) тіркелген. Қанағаттанбаушылықтың ең төменгі көрсеткіштері Батыс Қазақстан (42,6) және Жетісу облыстарында (43,3%) тіркелді.

